Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Ембімұнайгаз" АҚ, Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тауарды жеткізу DDP «Инкотермс 2020» жағдайында жүзеге асырылады.

1.3. Тауарлар саны, Тауарлар бірлігі, оның техникалық сипаттамалары, жеткізілетін орны мен Жүк алушының мекенжайы Шартқа Қосымша №1 және №2-мен анықталады.

2. Анықтамалар

2.1. Осы Шартта төменде көрсетілген анықтамалар мен ұғымдар төмендегідей мәнге ие болады: 1) Тауарды қабылдау-тапсыру актісі – Сатып алушының (Тапсырыс берушінің) тауарды қабылдау фактісін растайтын құжат, оны ресімдеу және оған қол қою жүйеде көзделген форма бойынша электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін "Самұрық-Қазына" АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) жүзеге асырылады; 2) Жүк алушы – Шартқа Қосымшалар №1 мен №2-де «Жеткізу орны» көрсетілген, Сатып алушының өндірістік құрылымдық бөлімшесі; 3) Кемшіліктер –Тауардың Шарт талаптарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген міндетті талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде, бірақ шектелмей: бүлінуі, ақауы, бұзылуы және т.б., сондай-ақ Тауардың саны, сапасы және жиынтығының сәйкес болмауы; 4) Қабылдау – Сатып алушы комиссиясының Тауарды қабылдауы; 5) Ілеспе жұмыстар (қызметтер) – Жеткізушінің Тауарды орнату, жинау, іске қосу, пайдалануға беру және Шартта көзделген өзге де жұмыстарды (қызметтерді) орындау жөніндегі міндеттемелері; 6) Жеткізу мерзімі –Шартқа Қосымша №1 және №2-ге сай Тауардың ақырғы жеткізілу күні көрсетілгенге дейін Шарттың Тараптарының қолдары қойылған күннен бастап есептелетін мерзім; 7) Тауар – осы Шарттың №1 және №2 қосымшаларында көрсетілген материалдық құндылықтар; 8) Қор – «Самрук-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ; 9) Холдинг –меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында дауыс беруші акцияның (қатысу үлесі) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі Қордың және заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік - меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында дауыс беруші акцияның (қатысу үлесі) елу және одан да көп пайызы кез келген келесі заңды тұлғаға тиесілі.

3. Шарт сомасы және төлем шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

3.3.1. Егер осы Шарттың №1 қосымшасында аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген болса, онда мұндай алдын ала төлем Жеткізуші осы Шарттың талаптарына сәйкес келетін авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету құжатын және төлем шотын ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Осы ретте, егер Жеткізуші осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету құжатын ұсынбаса, онда Шарт (ұзақ мерзімді шарт) бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан аванстық төлем (алдын ала төлем) жасалмай, Шарттың талаптарында белгіленген мерзімдерде тауарды қабылдау фактісі бойынша жүзеге асырылады. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету құжатын ұсыну талабы Тәртібінің 43-бабының 8-тармағының талаптарына сәйкес келетін Жеткізушілерге қолданылмайды.

3.3.2. Аралық төлем Тараптармен Тауардың жеткізілгенін растайтын Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырылады, бұл акт осы Шарттың 7-бөліміне сәйкес рәсімделеді. Осы ретте, егер Шартта

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

аванстық төлем (алдын ала төлем) көзделген болса, аралық төлем аванстық төлемнің (алдын ала төлемнің) сомасын үлестік түрде ұстап қалу есебімен жүргізіледі. Егер Жеткізуші сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісі (өтініш (тауар өндірушінің декларация негізінде сатып алынатынмен біртектес тауары), немесе сатып алынатын тауарды өндіруші мүгедектер ұйымы болса (жеке тұлға – кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын мүгедек), онда Сатып алушы Жеткізушіге Шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізеді, ал ұзақ мерзімді сатып алу кезінде — ұзақ мерзімді шарттың әрекет етуінің келесі 12 (он екі) айына көзделген тауар жеткізу сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлем жүзеге асырылады. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Шарттың нөмірі мен күні көрсетілген түпнұсқа төлем шотының негізінде жүргізіледі. Егер Жеткізуші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартса, мұндай төлем жүзеге асырылмайды. Аралық төлем Тауар жеткізілгеннен кейін, аванстық төлемнің (алдын ала төлемнің) сомасын үлестік түрде ұстап қалу есебімен, Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

3.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген Тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

3.4.2. электрондық шот-фактурасы / төлем шоты (инвойс), жауапты бухгалтердің қолымен құжаттың дұрыс рәсімделуі расталуға тиіс, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жауапты бухгалтердің қолынсыз шот-фактураны ұсынуға жол беріледі;

3.4.3. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі;

3.4.4. Тапсырыс берушінің нысаны бойынша ресімделген өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі;

3.4.5. Осы Шарттың №5 қосымшасына сәйкес нысанда ресімделген орындалған жұмыстардың актісі;

3.4.6. Жауапты сақтауға көрсетілген қызметтер актісі;

3.4.7. Вагондарды беру мен жинауға көрсетілген қызметтер актісі. Құжаттарды ұсыну Жүк алушының кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың әрқайсысында Шарттың тіркеу нөмірі мен күні көрсетілуге тиіс. Шарттың 3.4.5-3.4.7 тармақшаларында көрсетілген құжаттар, егер тиісті жұмыстар/қызметтер Шартта көзделген және шарттың орындалуына байланысты іс жүзінде көрсетілген жағдайда ұсынылады. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР: Есеп, оның ішінде ақырғы есеп, сатып алынатын Тауарды өндірушімен арада немесе сатып алынатын тауарды өндіруші мүгедектер ұйымы болса (жеке тұлға – кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын мүгедек) жасалған Шарт бойынша Тауарды қабылдау-тапсыру Актісіне Тараптардың қолы қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде Шарттың 3.4-тармағында көзделген құжаттар негізінде жүргізіледі.

3.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

3.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

3.7. Шарт бойынша ақырғы есеп айырысу жүргізілгенге дейін Тараптар Сатып алушымен (Тапсырысшы) ұсынылған форма бойынша өзара есеп айырысуды салыстыру Актісін ресімдейді, тауарды алған соң, келіспеушілік болмаған жағдайда Жеткізуші қол қоюға және 3 (үш) жұмыс күні ішінде екі данасын Сатып алушыға беруге, болмаса Сатып алушыға келіспеушіліктің бары туралы ескертуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, Жеткізуші наразылық, келіспеушілік білдіру құқығынан айырылады және өзара есеп айырысуды салыстыру Актісіне қол қоюға міндетті болады.

3.8. Фактілі түрде жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді (аванстық төлемді) ескере отырып жүргізіледі.

3.9. Тауардың құны түпкілікті болып табылады және өзгертілуге жатпайды, Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда. Бұл баға Тауардың қаптамасын, таңбалануын, тасымалдауға, жинауға, сапасыз немесе ақаулы Тауарды ауыстыру мен жөндеуге байланысты шығыстарды, ілеспе жұмыстардың (қызметтердің) құнын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық салықтар мен өзге де міндетті бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ Шарт бойынша Тауарды жеткізумен байланысты Жеткізушінің барлық өзге шығыстары мен болашақтағы шығындарын, Жеткізуші өзіне алған барлық міндеттемелер мен олардың салдарларын, оның ішінде Тапсырыс берушіге берілген патенттік, авторлық құқықтар, тіркелген конструкциялар немесе Тапсырыс беруші сатып алатын Тауарға және/немесе оның құрамындағы бағдарламалық қамтамасыз етуге қатысты өзге де құқықтар үшін төленуге тиісті барлық сомаларды қамтиды.

3.10. Жеткізушімен есеп айырысулар кезінде Жеткізуші Тапсырыс берушінің біржақты тәртіппен өзара есепке алу арқылы осы Шартпен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

және/немесе Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған өзге шарттар мен мәмілелер бойынша төленуге тиіс соманы төмендетуге құқылы екендігімен келіседі, соның ішінде: – Тапсырыс беруші Жеткізушінің міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы үшін салған айыппұлдар мен (немесе) залалдар сомасына; – төленген аванстардың (алдын ала төлемдердің) сомасына; – Жеткізушінің Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешек сомасына.

3.11. Шарт бойынша төлем теңге түріндегі ақша қаражатын Сатып алушының Шарттың 20 тарауында көрсетілген есептік шотына аудару арқылы жүргізіледі.

3.12. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, ол бұл туралы Жеткізушіні қысқа мерзімде хабардар етуге тиіс. Мұндай жағдайда Жеткізуші дау тудырмайтын сомаға жеке шотты, ал дау тудыратын сомаға бөлек жаңа шотты ұсынуы тиіс. Тараптар даулы сомаларды түзету және оларды жедел шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

3.13. Төлем жүргізу, төлемеу немесе кез келген шот-фактура бойынша төлем жүргізуге қарсылық білдіру дерегі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есептер, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген байланыстары Сатып алушының Жеткізуші шот-фактураларын мойындағаны болып табылмайды. Сатып алушы тарапынан жүргізілетін кез келген төлем оның есепте көрсетілген соманың негізділігіне одан әрі келіспеуіне құқық береді.

3.14. Сатып алушының және Жеткізушінің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар ол жөнінде сондай өзгеріс болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, алдын ала бір біріне хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген мерзімнің бұзылуы немесе Жеткізуші тарапынан төлем жүргізу үшін деректемелері дұрыс берілмей, төлем қате деректемелер бойынша төленген жағдайда, Сатып алушы төлем бойынша міндеттемелерін дұрыс орындаған болып саналады. Мұндайда, егер аударылған ақша Сатып алушының есептік шотына қайта келетін болса, Сатып алушы ақшаның дұрыс емес деректемелер бойынша аударылуы үшін жұмсалған қосымша шығындар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалып, қайтып келген ақшаны Жеткізушіге аударуға міндетті.

3.15. Тауарды жеткізу немесе тікелей жеткізумен байланысты, кедендік төлемдер және бюджетке төленетін басқа да төлемдерге, салыққа қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар осы Шартқа қосымша келісім жасау арқылы тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

4. Тауарды буып-түю және таңбалау

4.1. Алдын ала, жеткізілетін Тауарды орамас бұрын, Жеткізуші Тауарды атмосфералық жауын-шашын әсерінен, күн көзінің тікелей түсуінен, тоттанудан, тиеу-түсіру кезіндегі апаттан қорғау, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау үшін, тазарту, сырлау, майлау, қорғаныс жабындысымен қаптау, осал бөлшектерді шешіп алу, швартовка немесе жабдықтың ішкі бөлшектерін діріл немесе соққыдан қорғау мақсатында бекіту секілді, сақтандыру іс-шараларын қолдануы тиіс.

4.2. Егер Шарттың шарттарына және/немесе ГОСТ талаптарына сәйкес Тауар тиісті түрде оралуы тиіс болса, онда орау тасымалдау кезінде Тауардың барлық түрдегі зақымданулардан толық қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте жүктің қайта тиеулерін, температура мен ылғалдылық режимін, басқа жүктермен үйлесімділігін ескеру қажет. Орау қолмен немесе кранның көмегімен көтеруге қолайлы болуы тиіс. Тауарды орау кезінде Жеткізуші тасымалдаудың кез келген түрі кезінде Тауардың сақталуын қамтамасыз етуге арналған орау талаптарын басшылыққа алуға тиіс. Әр ораманың ішіне су өткізбейтін конвертке салынған орау парағының бір данасы қоса беріледі. Орау Тапсырыс берушіге қайтаруға жатпайды, егер Шарттың шарттарымен және оның Қосымшаларымен өзгеше көзделмесе.

4.3. Жеткізуші арнайы өңдеу, тасымалдау және/немесе сақтау шарттарын қажет ететін Тауар бірліктерін, сондай-ақ ауа райы жағдайының өзгерістеріне сезімтал Тауарларды айқындап, мұндай заттармен жұмыс істеу үшін қажетті сақтық шаралары туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

4.4. Тауарды тиісті түрде немесе ұқыпсыз орамағаны не қорғамағаны үшін туындаған барлық шығындар мен залалдар үшін Жеткізуші жауап береді.

4.5. Тара және (немесе) орама тасымалдауға арналған мемлекеттік және халықаралық стандарттарға (немесе техникалық шарттарға) сәйкес болуы және автомобиль, теміржол немесе әуе көлігімен тасымалдау, түсіру және сақтау кезінде толық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

4.6. Әр жәшіктің немесе ораманың сыртына су өткізбейтін қағаздан жасалған конвертке салынған орау парағының көшірмесі бекітіледі. Конверт жәшікке бекітілген металл тақтайшамен жабылады. Орау парағының екінші данасы Тауар салынған жәшікке салынады. Егер Тауар орамасыз немесе жұмсақ орамада жіберілсе, конверт Тауардың жұмыс істемейтін бөлігіне бекітіледі.

4.7. Егер техникалық құжаттама көзделсе, оның ішінде паспорттар мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, олар Тауармен бірге жәшікке немесе орамаға салынады.

4.8. Таңбалау Тауар өндіруші зауыт қабылдаған ГОСТ және техникалық шарттарға (ТШ) сәйкес жүргізіледі.

4.9. Таңбалау өшірілмейтін бояумен орыс тілінде Тауар салынған әр жәшіктің немесе буып-түйудің үш бетіне соғылады (әр жәшіктің қақпағына, алдыңғы бетіне және сол жағына). Тауар салынған әр жәшік төмендегідей үлгіде таңбалануы тиіс: • Жөнелтуші атауы • Жеткізілетін пункті • Абайлаңыз • Беті • Лақтырмаңыз • Құрғақ жерде ұстаңыз • Шарт №_____ • Брутто салмағы _____ кг. • Нетто салмағы _____ кг. • Жәшік немесе Буып-түю №_____ • Ауқымы _____ • Көлемі _____ (куб. см) • Ауырлық ортасы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.10. Ірі габаритті немесе ауыр жүктерге арналған барлық орамаларда Жеткізуші тік орналасу бағытын, көтеру нүктелерін, салмақ пен өлшемдерді анық және айқын көрсетуге, қажет болған жағдайда ауырлық орталығын белгілеуге міндетті.

5. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

5.1. Жеткізуші Тауарды осы Шарттың №1 және №2 қосымшаларында, сондай-ақ Тауарды жеткізу кестесінде көрсетілген мекенжай мен мерзімдерге сәйкес жеткізуге міндетті.

5.2. Тауарды жеткізу күні деп, осы Шарттың 7.6-тармағында көзделген тиісті түрде рәсімделген ілеспе құжаттар пакетімен бірге Тауардың Тапсырыс берушіге берілген күні есептеледі. Тауарды жеткізу күні Тараптармен Тауарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі. Жеткізуші Тауарды Тапсырыс берушіге сандық, жинақтылық және сапалық көрсеткіштері бойынша, Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне, сондай-ақ Шарттың №1 және №2 қосымшаларына сәйкес береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылуы немесе бүліну қаупі Жеткізушіден Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап өтеді. Жеткізуге байланысты барлық шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

5.3. Жеткізілетін Тауардың сапасы Техникалық сипаттамаға (№2 қосымша) және осы Шарттың 8-бөліміне толық сәйкес болуы тиіс. Қаптарға, металл және пластик ыдыстарға, сондай-ақ үлкен көлемді жәшіктерге салынған тауарларды жеткізу кезінде паллета (ағаш тіреуіш) болуы көзделеді.

5.4. Тауарды бөліп және/немесе мерзімінен бұрын жеткізу Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

5.5. Тапсырыс беруші Жеткізушіні хабардар ете отырып, жеткізу мерзімі өткен Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5.6. Егер Жеткізуші Тауарды жеткізу мерзімін бұзса, Тапсырыс беруші Шартты орындауға деген мүддесін жоғалтады. Бұл жағдайда Жеткізуші белгіленген жеткізу мерзімі өткеннен кейін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Тауарды жеткізуге құқылы емес.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

6.1. Өнім беруші:

6.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізуге;

6.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

6.1.2.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауардың бүкіл көлеміне (санына) қатысты ел ішіндегі құн үлесінің есебін (есептеуін) электрондық құжат түрінде, Веб-порталда соңғы қабылдау-тапсыру актісімен қоса ұсыну;

6.1.2.2. Тауардың бүкіл көлеміне (санына) Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені (оны сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісі немесе өтініш (декларация) негізінде сатып алынатын тауармен біртектес тауардың тауар өндірушісі ұсынады) және бірінші басшының ЭЦҚ-мен (электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қойылған, Веб-порталға жүктелген тауарларды қабылдау-тапсырудың электрондық актісін ұсыну

6.1.2.3. Осы Шарттың №5 қосымшасына сәйкес нысандағы орындалған жұмыстар актісін ұсыну.

6.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде ұсынуға;

6.1.5. Егер Шартта аванс (алдын ала төлем) төлеу көзделсе, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде банктік кепілдік түрінде Шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейінгі мерзімге аансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізуге (Қордың сатып алуларын жүзеге асыру Тәртібінің 43-бабы 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда). Ұзақ мерзімді шарт бойынша аансты қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тиісті жылға арналған аванстық төлем толық өтелгенге дейін болуы тиіс. Келесі қаржы жылына тендер жеңімпазы өткен қаржы жылы аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей аансты қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады. Егер Жеткізуші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес аансты қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаса, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Шарт Жеткізуші осындай хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі;

6.1.6. Аансты қайтаруды қамтамасыз ету ретінде немесе Шартты орындауды қамтамасыз ету ретінде Жеткізуші ұсынатын банктік кепілдікте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

6.1.6.1. Банктің атауы;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1.6.2. Банктік кепілдіктің (кепілдік міндеттеменің) нөмірі;

6.1.6.3. Банктік кепілдіктің күні;

6.1.6.4. Жеткізушінің атауы;

6.1.6.5. Шарттың нөмірі мен күні;

6.1.6.6. Шарттың мәні;

6.1.6.7. Банктік кепілдік сомасы;

6.1.6.8. Банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

6.1.7. Банктік кепілдіктің түпнұсқасы Тапсырыс берушіге мына мекенжай бойынша ұсынылады: Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Ш.Уәлиханов к-сі 1, 404-каб;

6.1.8. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тауардың сапасын, санын және Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

6.1.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет рұқсаттамалық құжаттарды (қажет болған жағдайда), оның ішінде экспорттық және импорттық лицензияны немесе өзге ресми рұқсаттарды алуға байланысты, сондай-ақ Тауарды әкетуге, оны кез келген ел аумағы арқылы тасымалдауға және әкелуге қажетті кедендік рәсімдерді орындауға байланысты барлық шығыстарды өз есебінен көтеруге;

6.1.10. Шартты орындау барысында ҚР өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының және Шарттың №6 қосымшасының талаптарын сақтауға және олар бойынша толық жауапкершілік көтеруге. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, аталған талаптарға толық сай келтірілгенге дейін Жеткізушіге Шарт бойынша әрі қарай міндеттемелерді орындауға тыйым салынуы мүмкін. Бұл ретте осы шарттарды бұзу салдарынан туындаған Тауарды уақтылы жеткізбеу үшін Жеткізуші жауап береді;

6.1.11. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық та, ішінара да үшінші тұлғаларға бермеуге;

6.1.12. Тапсырыс берушінің талабы бойынша, оларды тарту сәтінде осы Шарт шеңберінде жасалған барлық мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуға. Мердігерлердің болуы Жеткізушіні Шарт бойынша материалдық немесе өзге жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші мердігердің Жеткізушімен жасалған шартты бұзуы бойынша талаптарды тікелей мердігерге қоюға құқылы;

6.1.13. Тапсырыс берушінің жазбаша актісі негізінде онда көрсетілген Тапсырыс беруші өкілдерін аудит жүргізуге жіберуге және бухгалтерлік шоттар, шот-фактуралар, шығыстар бойынша бастапқы құжаттама секілді құжаттарды алуға және олармен танысуға құқық беруге;

6.1.14. Шарт бойынша Тауарды жеткізуге және монтаждау, жинау, іске қосу-реттеу жұмыстарын жүргізуге біліктілігі, құзыреті және жеткілікті тәжірибесі бар персоналды тартуға. Мұндай персоналдың бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қолданылатын барлық ережелерге, нұсқаулықтарға, нормаларға және өзге талаптарға сәйкес қажетті біліктілікке, тәжірибеге және даярлыққа ие болуы тиіс;

6.1.15. Соңғы Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне және/немесе (Ілеспе жұмыстар (қызметтер) орындалған жағдайда) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылғаннан кейін Тапсырыс берушінің талабы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға;

6.1.16. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізуші жол берген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілік көтеруге, сондай-ақ экология, еңбек және қауіпсіздік, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларында заңнаманы бұзғаны үшін уәкілетті мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салған барлық өндіріп алуларды толық көлемде өтетуге;

6.1.17. Тауардағы ел ішіндегі құн үлесіне қатысты ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге;

6.1.18. Егер Өнім беруші Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде тұратын, сатып алынатын Тауарды өндіруші болып табылған жағдайда, онда Өнім беруші өз өндірісінің Тауарын жеткізуге міндеттенеді. Сатып алынған тауардың қабылданғанын – берілгенін растайтын тиісті актіге Тараптар қол қойған күнге дейін Өнім берушінің өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмені ұсынуы осы міндеттеменің орындалуын растау болып табылады.

6.1.19. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу және өзге іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмегені (төленбегені) не расталмағаны фактілерін анықтаған жағдайда және соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚР бюджетінен ҚҚС артығын қайтарудан бас тартылса не салықтар қосымша есептелсе, Жеткізуші Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күн ішінде қайтарудан бас тартылған ҚҚС артық сомасын, сондай-ақ барлық өзге қосымша есептелген салықтарды, оның ішінде қаржылық санкцияларды толық көлемде өтейді. Осы шарт тек Жеткізушінің өзімен тікелей қарым-қатынасқа ғана емес, сондай-ақ Жеткізушінің өзіне тауар (жұмыс, қызмет) жеткізушілерімен қарым-қатынасына да қолданылады, егер ол Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, ҚҚС қайтарылмауына және салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелуіне әкелсе;

6.1.20. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау және/немесе тексерулер және өзге іс-шаралар нәтижесінде Жеткізушіге көзделген уақытында ұсталып төленетін салықтан босату шарттары қолданылмайтындықтан көзден төленетін салықтан босатудың негізсіз қолданылғаны анықталған жағдайда, Жеткізуші Қазақстан Республикасы бюджетіне төленуге тиіс барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелерді өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың туындағанын растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

6.1.21. Тапсырыс берушінің сұрынысы бойынша, көрсетілген мерзімдерде Шарттың орындалуына қатысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Жеткізушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсынуға;

6.1.22. Техникалық сипаттамада көзделген жағдайда, Жеткізуші есебінен жеткізілетін Тауарға зауыттық сынақтарға Тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуге, оның ішінде іссапар шығыстарын (Тапсырыс берушінің орналасқан жерінен сынақ орнына және кері қайтуы, сондай-ақ тұруы мен тамақтануы) төлеуге;

6.1.23. Тапсырыс берушінің шарттық/шарттық емес аумақтарына кіру/шығу және қозғалу/болу кезінде Жеткізушінің көлік құралдары мен арнайы техникасына қатысты Тапсырыс берушіге және (немесе) оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және (немесе) стационарлық топтар/қорғау қызметі) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген рұқсатнамаларды көрсетуге, сондай-ақ аталған тұлғалардың талабы бойынша Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілі тарапынан толық тексеріс жүргізу құқығын қамтамасыз етуге. Жүргізуші аталған талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілдері көлік құралы мен арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін нысанға кіргізбеуге, аумақтан шығаруға, сондай-ақ құқық бұзушылық анықталған кезде құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

6.1.24. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Сатып алушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.;

6.1.25. Шартта, Тәртіпте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді орындауға.

6.2. Өнім беруші:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

6.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақтылы қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

6.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

6.2.4. Шартта аванс (алдын ала төлем) төлеу және/немесе Шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, Тапсырыс берушіден авансты қайтаруды қамтамасыз етуді және/немесе Шартты орындауды қамтамасыз етуді уақытында қайтаруды талап ету.

6.3. Тапсырыс беруші:

6.3.1. Өнім беруші жеткізген тауарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

6.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Қабылдап алу-тапсыру актісіне Өнім берушіден Қабылдап алу - тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

6.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

6.3.4. Өнім берушіге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді;

6.3.5. Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

6.3.6. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауардан немесе оның бөлігінен бас тартып, кейіннен Тауардың/Шарттың құнын азайтуға немесе сапасыз Тауарды Жеткізушіге қайтаруға;

6.4. Тапсырыс беруші:

6.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

6.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу және (немесе) шарттан бас тартуға құқылы.

6.4.4. Тауарды қабылдау кезінде туындаған залалдар мен шығыстарды, сондай-ақ есептелген айыппұл (өсімпұл, штраф) сомаларын өтеуді Жеткізушіден талап етуге;

6.4.5. Шартты орындаудың кез келген сәтінде немесе кез келген кезеңінде Тауарды жеткізуге байланысты Жеткізушінің іс-әрекеттерін бақылауға; Тапсырыс беруші осы Шарт мәселелері бойынша Жеткізушінің кез келген техникалық немесе өзге ақпаратына қол жеткізу құқығына ие;

6.4.6. Жеткізуші өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда Шарт бойынша төлемді тоқтата тұруға;

6.4.7. Шарт міндеттемелерінің орындалу барысы және Шартты орындау мәртебесі туралы ақпаратты сұратуға, Жеткізушінің қызметіне араласпай, тапсырыстың орындалу барысы мен сапасын тексеруге;

6.4.8. Тараптар арасындағы Шарт және өзге мәмілелер бойынша Жеткізушіге тиесілі төлемнен айыппұл/штраф сомасын, жауапты сақтауға жұмсалған шығыстар сомасын (Қызметтер көрсету актісіне сәйкес) және өзге де қызметтерді, сондай-ақ теміржол көлігі қызметтеріне шығыстарды (магистральдық және станциялық жолдардағы қарама-қарсы күтулер үшін ақы, вагондарды беру және жинау үшін алым, жүктердің, вагондар мен контейнерлердің келуі туралы алдын ала ақпаратты беру үшін алым, оператор алымы, күзет қызметінің кідірісі үшін алым және басқа да қызметтер) ұстап қалуға;

6.4.9. Жеткізілген Тауардағы кемшіліктерді жоюды не оны жаңасымен ауыстыруды талап етуге;

6.4.10. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауардан немесе оның бөлігінен бас тартып, кейіннен Тауардың/Шарттың құнын азайтуға немесе сапасыз Тауарды Жеткізушіге қайтаруға;

6.4.11. Ілеспе жұмыстар (қызметтер) қажет болған жағдайда, Шартта көзделген біліктілікке сәйкес келмейтін Жеткізушінің/мердігерлердің/субмердігерлердің персоналына кіруді шектеуге немесе кіруге рұқсат бермеуге, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін;

6.4.12. Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын және/немесе ҚР заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Жеткізушінің немесе оның өкілдерінің персоналы мен көлік құралдарының Тапсырыс беруші объектілеріне кіруін шектеуге, бұзушылықтар толық жойылғанға дейін;

6.4.13. Шартты орындауға қатысты, оның ішінде Жеткізушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін қоса, ақпарат пен құжаттарды Жеткізушіден сұратуға;

6.4.14. Осы Шарт бойынша төлем сомалары, Жеткізушінің атауы, шот нөмірі және төлем мақсаты туралы ақпаратты қамтитын банк үзіндісін Қордың қауіпсіз мекенжайына ұсынуға;

6.4.15. Қордың сұранысы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты ұсынуға;

6.4.16. Тапсырыс берушінің аумағында (оның ішінде шарттық/шарттық емес) кез келген уақытта және жерде/нысанда барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттарымен (ҚР көлік құралын тіркеу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүккұжаты, МЖҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеру және қарау құқығын жүзеге асыруға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және (немесе) оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін нысанға кіргізбеуге, аумақтан шығаруға, сондай-ақ құқық бұзушылық анықталған жағдайда ҚР құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

6.4.17. Жеткізуші Тауардағы ел ішіндегі құн үлесі бойынша дұрыстығы бұрмаланған ақпарат ұсынған жағдайда, Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға және залалды өтеуді талап етуге;

6.4.18. Жеткізушінің өндірістік қуаттарын, активтері мен қаржылық тұрақтылығын растайтын құжаттар мен өзге деректерді сұратуға, сондай-ақ Жеткізуші объектілеріне тексерулер жүргізуге.

6.4.19. Егер Сатып алушыда Тауарға деген сұранысты азайту қажеттілігі туындаса, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасын азайтуға, Сатып алушы құқығы сақталады:

6.4.19.1. кез келген уақытта Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу, Жеткізушіге нақты жеткізілген немесе жөнелтілген Тауар үшін төлемді жүзеге асыру арқылы, Сатып алушы Жеткізушіден осы секілді жазбаша хабарлама алғанға дейін. Мұндайда Сатып алушыдан Шарттың бұзылатыны туралы жазбаша хабарлама алғаннан соң, Жеткізушінің Тауарды жөнелтуі Сатып алушы тарапынан ешқандай өтемақыға жатқызылмайды;

6.4.19.2. Тауар көлемін (санын) азайту (қысқарту) туралы қосымша келісім жасау. Мұндайда Сатып алушы Жеткізушіге тек

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жеткізілген және Сатып алушының белгіленген тәртіпке сай қабылдаған Тауарының бағасы ғана төленеді.

6.4.20. Жеткізуші тауарды жеткізу мерзімін кешіктірген жағдайда Тапсырыс берушінің сұранысы бойынша тауардың орналасқан жері туралы фото және бейне есептерді ұсынуға міндетті;

7. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Осы Шарт талаптары бойынша Сатып алушымен алдын ала жүргізілген жазбаша келісім бойынша Тауарды жекелеген партиямен жартылай жеткізу, сондай-ақ Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге рұқсат беріледі.

7.2. Жеткізуші Тауарды жөнелткен сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Тапсырыс берушіні Груз алушының мекенжайына жөнелту туралы факсимильдік байланыс немесе электрондық пошта арқылы хабардар етуге міндетті. Хабарламада Жеткізуші мыналарды көрсетуі тиіс: – Тауарды жеткізу тәсілі; – Тауарды жөнелту күні; – Шарттың нөмірі; – Тауардың атауы және саны; – жөнелтілген Тауар партиясының жалпы құны; – орындар саны мен салмағы; – көлік құралының нөмірі (оның ішінде автокөлік, вагон немесе контейнер). Хабарламамен бірге Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың 7.6-тармағында көрсетілген Тауарға қатысты барлық ілеспе құжаттардың көшірмелерін жолдайды. Егер жөнелту туралы хабарлама уақтылы берілмесе, Тапсырыс беруші Тауар келген күні қабылдаудан бас тартуға және қабылдау күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейін кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте барлық туындаған шығындар Жеткізушінің өз қаражаты есебінен өтеледі.

7.3. Тараптар Тауарды қабылдау-беру құжаттарын жасауға өз уәкілетті өкілдері арқылы қатыса алады. Егер Жеткізуші немесе оның өкілі Тауарды түсіру кезінде қатыса алмаса, онда Жеткізуші Тауар қосымша №1-де көрсетілген мекенжайға жеткізілгеннен кейін 2 (екі) сағат ішінде факсимильдік немесе электрондық байланыс арқылы Тапсырыс берушіге Тауарды өз өкілінсіз түсіруге келісім бергені жөнінде хат жолдайды. Егер көрсетілген уақыт өткен соң мұндай хабарлама жолданбаса, онда келісім берілген болып саналады, және түсіруге байланысты барлық тәуекелдер Жеткізушінің жауапкершілігінде болады.

7.4. Тауарды қабылдау стандарттарға, техникалық шарттарға, Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Шарттың 7.6-тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Тауар саны, жиынтығы және сапасы бойынша қабылдау-беру нәтижесінде Тараптар қабылдау-беру Актісіне қол қояды.

7.5. Тауарды қабылдау Груз алушының қоймасына жеткізілген күннен бастап және Жеткізушіден Шартта көзделген ілеспе құжаттар алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей Тапсырыс берушінің Қабылдау комиссиясымен жүргізіледі және Тауарды қабылдау-беру Актісіне қол қойылған күннен бастап қабылданды деп есептеледі.

7.6. Жүк алушының қоймасына Тауарды тапсыру сәтінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге келесі ілеспе құжаттарды ұсынуға міндетті: - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген жүккұжат – 1 (бір) түпнұсқа; - Тапсырыс берушінің атына және Жүк алушының мекенжайына рәсімделген тауар-көлік жүккұжаты – 1 (бір) түпнұсқа; - әр жәшіктің және/немесе қаптаманың нөмірі мен мазмұнын, сондай-ақ нетто және брутто салмағын көрсететін орау тізімі – 3 (үш) түпнұсқа; - Тауарды өндіруші зауыт берген сапа паспорты және (немесе) пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған көшірме (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша әрбір жеткізілген Тауар бірлігіне, соның ішінде құрамдас бөліктеріне жеке беріледі); - Тауардың шығу тегі туралы сертификат (импортталатын Тауар үшін) – шығу елінің уәкілетті органы берген түпнұсқа немесе көшірме, Еуразиялық экономикалық одақтың және шетелдік тауарлардың шығу елін анықтау және сертификат беру тәртібіне сәйкес; ЕАЭО мүше мемлекеттерінен әкелінетін тауарлар үшін (ЕАЭО туралы шарттың 25-бабының 5-тармағына сәйкес) шығу тегі туралы сертификат талап етілмейді; - Қазақстан Республикасында міндетті сертификаттауға жататын Тауарға сәйкестік сертификаты – 1 (бір) түпнұсқа немесе көшірме (міндетті сертификаттауға жатпайтын Тауар бойынша Жеткізуші уәкілетті мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсына сілтеме көрсетілген хат ұсынады); - Халықаралық автокөлік тасымалы кезінде Қазақстан Республикасының ҰҚК Шекара қызметінің аумақтық бөлімшесі берген мемлекеттік бақылаудан өткендігі туралы талон; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық рұқсат құжаттары, оның ішінде лицензиялар, сертификаттар, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын шетелдік технологияларға, техникалық құрылғыларға, материалдарға рұқсаттар. Егер мұндай рұқсат уәкілетті органның ресми сайтында орналастырылған болса, Жеткізуші ресми интернет-ресурсқа сілтеме көрсетілген өтініш ұсынады; - осы Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген барлық ілеспе құжаттар. Техникалық сипаттама (№2 қосымша) Жеткізуші ұсынуға тиіс қосымша құжаттар тізімін қамтуы мүмкін. Ілеспе құжаттар Жүк алушының кеңсесінде тіркеу арқылы ұсынылады.

7.7. Металлдан жасалған тауарларды (НКТ, штангалар, пакерлер, штоктар, плунжерлер, бұрғылар, арматура, кабельдер және т.б.) қабылдау кезінде Тапсырыс беруші металлдың техникалық сипаттамаларға сәйкестігін тексереді. Егер сәйкессіздіктер анықталса, Тапсырыс беруші Тауарды қабылдамайды, ал тасымалдау және сақтау бойынша Жеткізушінің шығындары өтелмейді. Жеткізуші Тауарды жөнелтуден бұрын қабылдауды келісуге құқылы.

7.8. Егер Жеткізуші Шарттың 7.6-тармағында көзделген ілеспе құжаттарды уақтылы ұсынбаса немесе басқа сәйкессіздіктер/кемшіліктер анықталса, Тапсырыс беруші Тауарды барлық сәйкессіздіктер жойылғанға және/немесе құжаттар алынғанға дейін жауапты сақтауға қабылдайды және бұл туралы Жеткізушіні дереу хабардар етеді. Жеткізуші жауапты сақтау қызметтері бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға және №4 қосымшада көрсетілген тарифтерге сәйкес Тапсырыс берушіге төлем жүргізуге міндетті. Жауапты сақтауға қабылданғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жеткізуші жетіспейтін құжаттарды ұсынуға немесе сәйкессіздіктерді жоюға тиіс.

7.9. Тауар жауапты сақтауға қабылданғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге жетіспейтін құжаттарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынуға және/немесе сәйкессіздіктерді (кемшіліктерді) жоюға міндетті.

7.10. Егер Жеткізуші көрсетілген мерзімде құжаттарды ұсынбаса немесе сәйкессіздіктерді (кемшіліктерді) жоймаса, Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы және бұл туралы Жеткізушіні жазбаша түрде хабардар етеді. Жеткізуші хабарлама алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тауарды әкетуге немесе өз қалауы бойынша билік етуге міндетті. Егер Жеткізуші көрсетілген мерзімде жауапты сақтауға қабылданған Тауарды әкетпесе немесе билік етпесе, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тауарға билік етуге құқылы.

7.11. Егер қаптаманың тұтастығы бұзылған болса, Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардан бас тартуға құқылы.

7.12. Тауар теміржол көлігімен жеткізілген жағдайда, жеткізу күні Жүк алушы станциясына Тауардың келген күні болып есептеледі, бұл теміржол жүкқұжатымен расталуы және Шарттың 7.6-тармағында көрсетілген барлық ілеспе құжаттар ұсынылуы тиіс.

7.13. Егер қосалқы жұмыстар (қызметтер) жүргізілуі қажет болса, Жеткізуші оларды Шартта белгіленген мерзімде орындауға және №5 қосымшадағы нысан бойынша орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Мұндай жұмыстар (қызметтер) Жеткізушінің күшімен және қаражаты есебінен орындалады.

7.14. Егер қосалқы жұмыстар (қызметтер) жүргізілуі қажет болса, Жеткізуші оларды Шартта белгіленген мерзімде орындауға және №5 қосымшадағы нысан бойынша орындалған жұмыстар актісін Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Мұндай жұмыстар (қызметтер) Жеткізушінің күшімен және қаражаты есебінен орындалады.

7.15. Егер Тауардың жеткізілуіне байланысты, соның ішінде санына, сапасына, жиынтығына, ақауларына және т.б. қатысты немесе орындалған қосалқы жұмыстардың (қызметтердің) Шарт талаптарына сәйкессіздігі анықталса, Тапсырыс беруші Қабылдау-беру актісіне және (немесе) орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға және анықталған кемшіліктер туралы акт қоса берілген шағымды Жеткізушіге жіберуге құқылы.

7.16. Шағым Тапсырыс беруші тарапынан Тауар жеткізілген және қосалқы жұмыстар (қызметтер) орындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс. Егер Жеткізуші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, шағым мойындалған болып есептеледі және Жеткізуші Тапсырыс берушіден шағым алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жетіспейтін Тауарды (немесе оның бөлігін) жеткізуге және/немесе сапасыз Тауарды ауыстыруға міндетті (7.18-тармақтан басқа). Егер Жеткізуші шағыммен келіспесе, Тапсырыс беруші Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тәуелсіз сараптама (оның ішінде бұзушы сипаттағы сынақтар) жүргізуге құқылы. Егер сараптама қорытындысы бойынша Тауардың Шарт талаптарына сәйкес еместігі анықталса, Тапсырыс беруші сараптамадан өткен Тауардың құнын өтемейді, ал Жеткізуші мұндай Тауарды әкетуге міндетті. Сараптама шығындарын Жеткізуші өтейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша: – жетіспейтін Тауарды жеткізуді; – сапасыз Тауарды шарт талаптарына сай Тауарға ауыстыруды; немесе – Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуды талап етуге құқылы.

7.17. Ауыстыру мерзімі ұзағырақ болатын техникалық күрделі жабдықтарды ауыстыру Тараптар келісетін ақылға қонымды мерзімдерде, бірақ Тапсырыс берушіден шағым алынған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

7.18. Кемшіліктері бар Тауарды ауыстыру тәртібі осы Шартта көзделген жеткізу талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығындар Жеткізушінің есебінен өтеледі.

7.19. Егер Тауардағы ақауларды (кемшіліктерді) Тапсырыс беруші өз күшімен жойса, Жеткізуші осыған байланысты шығындарды Тапсырыс беруші ұсынған шот негізінде 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге міндетті.

7.20. Егер Қабылдау-беру актісі нәтижесінде Тауардың саны немесе сапасы бойынша Шартта көрсетілген талаптарға сәйкессіздік анықталса, Жеткізуші Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бұрын берілген шот-фактураға қосымша немесе түзетілген шот-фактура жазуға міндетті.

7.21. Кейбір жағдайларда, жөнелтудің транзиттік нормаларына байланысты, Сатып алушының жазбаша келісімі арқылы жеткізу көлемінен Тауардың белгілі бір категориясына ауытқу – 3 (минус үш)% болады (тек өлшенетін жүктер үшін – тонна, метр және т.б.), мұндайда Тауар төлемін Сатып алушы нақты қабылданған Тауар көлеміне сай жүргізеді.

8. Кепілдіктер мен сапа

8.1. Жеткізуші Тауардың барлық көлеміне сапа кепілдігін береді. Тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалану (эксплуатациялау) басталған күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге белгіленеді, бірақ Тауар жеткізілген күннен бастап 24 (жиырма төрт) айдан аспауы тиіс. Тауар Стороналар қол қойған қабылдау-беру актісі және орындалған жұмыстар актісі немесе Тапсырыс беруші ішкі құжаттарына сәйкес өз бетінше рәсімдейтін активті орнату және монтаждау актісі күні енгізілген деп есептеледі.

8.2. Жеткізуші кепілдік береді:

8.2.1. жеткізілетін Тауар жаңа, Шартта көзделген сапаға сай және өз мақсатына сәйкес пайдалануға жарамды, Тауардың шығарылған күні жеткізу күніне дейін 12 (он екі) айдан аспауы тиіс. Егер Тауарға жарамдылық мерзімі белгіленсе, оны Тапсырыс берушіге берген сәттегі қалдық жарамдылық мерзімі Тауардың жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде үштен екі бөлігін құрауы керек;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.2.2. жеткізілетін Тауар кепілде тұрмаған, тыйым салынбаған, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтары мен талаптарынан (оның ішінде меншік құқығы мен зияткерлік меншік құқығына негізделген) бос және бос болады, Шартпен белгіленген жеткізу талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда;

8.2.3. Жеткізуші осы Шарт бойынша Тауарды өткізу үшін қажетті барлық рұқсат құжаттарына ие;

8.2.4. Тауардың қауіпсіздігі қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті құжаттармен расталады (қолданылған жағдайда).

8.3. Осы Шартқа сәйкес белгіленген Тауарға кепілдік мерзімі, Тауардағы анықталған кемшіліктер салдарынан оны пайдалану мүмкін болмаған уақытқа, Тауар кемшіліктері туралы Жеткізушіге Шартта белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, ұзартылуға жатады.

8.4. Егер Тауарды ауыстыру кешігуі Жеткізушінің кінәсінен болса, кепілдік мерзімі осы кешігу уақытына тең мерзімге ұзартылуға тиіс.

8.5. Ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі оның ауыстырылған күнінен бастап есептеледі.

8.6. Жеткізілетін Тауардың сапасы Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген техникалық сипаттамаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттардың (ГОСТ, СТ, ТУ, ОСТ, техникалық регламенттер және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуге және сәйкестік сертификатымен, сапа паспорттарымен, өндіруші зауыттың қауіпсіздік паспорттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжаттармен расталуға тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген Тауар бойынша Жеткізуші Тауардың шығу тегін растайтын, ішкі айналымға арналған шығу тегі сертификатын Жүк алушының кеңсесі арқылы тіркеу жолымен ұсынуға міндетті.

8.7. Жеткізілетін Тауар Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңының талаптарына сәйкес энергия тиімділігі нормаларына сай болуы тиіс.

8.8. Кепілдік мерзімі ішінде Жеткізуші өз есебінен және тәуекелімен ақауы бар Тауарды Тапсырыс берушіден кепілдік міндеттемелерінің басталғаны туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде ауыстыруға міндетті.

8.9. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда кемшіліктер анықталса, Тапсырыс беруші бұл туралы Шартта көзделген кепілдік мерзім шегінде Жеткізушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті және Тараптар Шарттың 8.10-тармағында көзделген мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №562 бұйрығымен бекітілген А-4 нысаны бойынша анықталған кемшіліктерді көрсете отырып, активтегі ақаулар туралы акт рәсімдейді.

8.10. Активтегі ақаулар туралы акт Жеткізушіге кемшіліктер туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде рәсімделеді. Аталған мерзім Жеткізушінің өкілі тиісті Тауар орналасқан жерге келуіне қажетті уақытқа, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Егер Жеткізуші белгіленген мерзімде аталған актіні жасауға қатысу үшін келмесе, акт Тапсырыс беруші тарапынан Жеткізушінің қатысуынсыз рәсімделеді.

8.11. Тапсырыс беруші активтегі ақаулар туралы акт негізінде талап қойған кезде, аталған актіде көрсетілген кемшіліктер тиісті түрде расталған болып есептеледі және Жеткізуші Тапсырыс берушінің талаптарын орындауға міндетті.

8.12. Тауардағы кемшіліктерге қатысты талаптар Тапсырыс беруші тарапынан кепілдік мерзімі ішінде анықталған жағдайда қойылуы мүмкін. Бұл ретте:

8.12.1. егер құрамдас бұйымға негізгі бұйымға қарағанда ұзақ кепілдік мерзімі белгіленсе, Тапсырыс беруші негізгі бұйымның кепілдік мерзімі аяқталғанына қарамастан, оның өз кепілдік мерзімі ішінде анықталған кемшіліктері бойынша талап қоюға құқылы;

8.12.2. егер құрамдас бұйымға негізгі бұйымға қарағанда ұзақ кепілдік мерзімі белгіленсе, Тапсырыс беруші негізгі бұйымның кепілдік мерзімі аяқталғанына қарамастан, оның өз кепілдік мерзімі ішінде анықталған кемшіліктері бойынша талап қоюға құқылы;

8.12.3. жарамдылық мерзімі белгіленген Тауар бойынша Тапсырыс беруші Тауардың жарамдылық мерзімі ішінде анықталған кемшіліктерге талап қоюға құқылы;

8.12.4. егер Шартта белгіленген кепілдік мерзімі екі жылдан аз болса және кемшіліктер кепілдік мерзімі өткеннен кейін, бірақ Стороналар Тауардың тиісті қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап екі жыл ішінде анықталса, Тапсырыс беруші Тауардағы кемшіліктер оның Тапсырыс берушіге берілгенге дейін немесе оған дейінгі себептерден туындағанын дәлелдесе, Жеткізуші жауапты болады.

8.13. Тауарға сапа кепілдігі берілген жағдайда Жеткізуші Тауардағы кемшіліктер үшін жауапты болады, егер ол кемшіліктер Тапсырыс беруші тарапынан пайдалану немесе сақтау ережелерін бұзуынан, үшінші тұлғалардың әрекеттерінен немесе еңсерілмейтін күш әсерінен туындағанын дәлелдей алмаса. Егер Тапсырыс беруші Шарт шарттарына сәйкес Жеткізушіден Тауардағы кемшіліктерді өтеусіз жоюды (оның ішінде ақауларды, істен шығуларды және т.б.) немесе сапасыз Тауарды Шартқа сай Тауарға ауыстыруды талап етсе, Жеткізуші мұндай жоюды немесе ауыстыруды Шартта көзделген тәртіппен және мерзімде орындауға міндетті.

8.14. Кемшіліктері бар Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығындар, оның ішінде құрамдас бөліктер мен қосалқы бөлшектер (қолданылған жағдайда), сондай-ақ жеткізу, сақтау және тасымалдау шығындары толық көлемде Жеткізушінің есебінен төленеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

9.2.1. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

9.2.2. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті;

9.2.3. Шарт талаптарына сай, Жеткізуші тарапынан анықталған кемшіліктердің жойылу мерзімі бұзылған жағдайда, Жеткізуші кемшіліктердің жойылу мерзімінің бұзылуы бойынша Тапсырыс берушіге әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін Тауар бағасының 0,1% көлемінде өсімақы төлейді, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан артық болмауы тиіс;

9.2.4. Жеткізушімен осы Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалмағаны және/немесе тиісінше орындалмағаны үшін (Тауардың жеткізілу мерзімінің бұзылуынан басқа), Жеткізуші Тапсырыс беруші талабы бойынша жеткізілмеген болмаса тиісінше жеткізілмеген Тауардың жалпы бағасының 10 % көлемінде әр осындай жағдай үшін айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.5. Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай жұмыстар (қызметтер) Шартпен көзделсе, Жеткізуші Шарттың жалпы сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.6. Шарттың 7.2 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Тауардың жөнелтілгені туралы Жеткізуші тарапынан хабарламаның жіберілу уақытының бұзылуы салдарынан, вагон(дар)дың тұрып қалу және кешігуі және жүкті алу кезінде құжаттардың дер уақытында ресімделмеуі орын алған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыға Сатып алушы тарапынан ұсынылған айыппұл сомасынан екі есе көп мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті;

9.2.7. Тапсырыс беруші Шарттан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Жеткізуші Шарт талаптарын орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, Шарттың 9.2.4-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

9.2.8. Шартта көзделген тұрақсыздық ақысыннан бөлек Жеткізуші Сатып алушыға шығынды қайтарады, алынбай қалған пайданы көрсетілген тұрақсыздық ақысыннан тыс толық көлемде өтейді.

9.2.9. Сатып алушы Шартта көзделген тұрақсыздық ақысын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы, егер Жеткізуші, тауардың барлығын немесе бір бөлігін кешіктіріп жеткізгенін немесе жеткізілмегенін, сондай-ақ ілеспе жұмыстарының уақтылы аяқталмауы Сатып алушының кінәсінен болғанын дәлелдесе;

9.2.10. Тапсырыс беруші тарапынан осы Шарт бойынша төлем жүргізілген және Жеткізушімен осы Шарт бойынша міндеттемелер белгіленген мерзімде орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған, және (немесе) Шарт тоқтатылған жағдайда (оның ішінде ол бұзылғанда), Жеткізуші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақша қаражатын (жұмсалғаны жұмыстар/қызметтер/тауарларды қабылдау актісімен расталмаған шығындар) талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс беруші талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтаруға жататын соманың 0,1% көлемінде әрбір мерзімі өткен күн үшін өсімақы төлейді, бірақ ол Шарттың жалпы сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс;

9.2.11. Өнім беруші тарапынан Шарт талаптарына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме тапсырылмаған жағдайда, Өнім беруші өзі өндірген Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл төлеу түрінде жауапты болады, оны Өнім беруші Тараптар жеткізілген тауарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғанға дейін төлеуге тиіс (сатып алынатын Тауарды өндірушімен (Тәртіпке №6 Қосымшаның 18-тармағында және № 11 Қосымшаның 9-тармағында көрсетілген өтініш (декларация) негізінде сатып алынатын тауармен біртектес тауарды өндірушімен) шарт жасасқан кезде қолданылады);

9.2.12. Егер қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен көшірмеде көрсетілген ел ішілік құндылық үлесі жеткізілген Тауар бойынша Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде көрсетілген ел ішілік құндылық үлесінен төмен болған жағдайда, Өнім беруші Шарттың жалпы құнынан 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (сатып алынатын Тауардың тауар өндірушісімен шарт жасасу кезінде қолданылады).

9.2.13. Тапсырыс берушінің аумағында Шарттың қосымшасында көзделген мердігерлік ұйымдарға қойылатын еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамағаны/бұзғаны үшін Жеткізуші Шарттың №6 қосымшасына сәйкес жауапкершілікке тартылады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.3.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

9.3.2. Жеткізуші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші аванстық төлем сомасынан әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлемнің 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

9.3.3. Жеткізуші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

9.3.4. Тапсырысшы тарапынан Тауарды қабылдау себепсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырысшы Жеткізушіге әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс;

9.3.5. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.4. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіленген тәртіппен жолдайды.

9.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) Тараптармен басқа Тараптан тиісті талап пен төлем шоты алынған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде төленуге тиіс.

9.7. Жеткізушіге өсімақы және/немесе айыппұл төлеу үшін, сондай-ақ жауапкершілікпен сақтау шығындары үшін, Сатып алушыдан берілетін төлем талаптарына жеткізілген Тауарға төлем жүргізу, өсімақы және/немесе айыппұл төлемдерін және жауапкершілікпен сақтау шығындарын төлеу бойынша қарсы бірыңғай талаптар есебін жүргізу мақсатындағы өзара есептерді салыстыру актісінің қосылуына Жеткізуші келісім береді.

9.8. Жеткізуші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің Жеткізушімен орындалмағаны және/немесе тиісінше орындалмағаны, сондай-ақ шығындарды өтеу мен осы Шарт және Сатып алушы мен Жеткізуші арасында жасалған басқа шарттар бойынша төленуі тиіс алынбаған пайда сомасынан Сатып алушыға тиесілі тұрақсыздық ақысының сомасын Сатып алушының ұстап қалуына өз келісімін береді.

9.9. Жеткізуші осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төлеуге жататын сомадан Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтеуге жататын және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залал мен жіберіп алған пайда сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

9.10. Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Жеткізушіге есептелген айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) және соған байланысты туындаған залалдар сомасын ұстап қалуға құқылы. Ұстап қалудан кейін қалған қамтамасыз ету сомасы Жеткізуші өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Сонымен бірге, Жеткізушінің шарттық міндеттемелерді бұзу жағдайында, мына үш шарт бір мезгілде орындалса: - айыпақының (айыппұл/өсімпұл) төленуі (өндіріп алу/ұстап қалу); - жеткізушінің шарттық міндеттемелерді толық орындауы; - зиянның болмауы не оның толық өтелуі (өндіріп алу/ұстап қалу), онда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және Жеткізушіні Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілер (жабдықтаушылар) Тізіліміне енгізбейді. Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін, енгізілген орындауды қамтамасыз етуге үшінші тұлғалардың талап қою құқығын туындататын әрекеттер жасамауға міндетті. Қамтамасыз етуді қайтару Тапсырыс беруші тарапынан ақша енгізілген жағдайда — аудару арқылы, не банктік кепілдік ұсынылған жағдайда — оның түпнұсқасын Жеткізушіге қайтарып беру арқылы жүзеге асырылады. Жеткізуші келіседі: орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалу туралы хабарлама жіберілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні өткен соң, Шарттық міндеттемелерді бұзғаны көрсетіле отырып, Тапсырыс беруші ұстап қалуды жүргізеді.

9.11. Шарттың қолданылуы тоқтатылған (оның ішінде бұзу арқылы) жағдайда және Тауардың нақты жеткізілу сомасы Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз болған кезде, Тапсырыс беруші енгізілген аванстың қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.12. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша шығындар тұрақсыздық айыбынан (өсімақыдан, айыппұлдан) тыс толық сомада өтелуге тиіс.

9.13. Тапсырыс беруші мен Жеткізуші, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері, қызметкерлері, агенттері Қазақстан Республикасының Салық кодексі мен өздеріне қолданылатын өзге де нормалардың талаптарын сақтауға, соның ішінде есептерді жасау мен тапсыру және салықтар, алымдар мен басқа да төлемдердің кез келген түрлерін төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға жауапты.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 40- бабы 2-тармағында көзделген; 2) Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

10.3.1. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде;

10.3.2. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда;

10.3.3. Тәртіпте белгіленген өзге де жағдайларда.

10.4. Шарттың төменде көрсетілген жағдайларда тоқтатылуы (10.3-тармаққа сәйкес Тапсырыс берушінің біржақты бас тартуы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартты бұзу кезінде) келесі фактілердің туындауымен жүзеге асырылады:

10.4.1. Жеткізушінің банкрот деп жариялануы немесе төлем қабілетсіз деп танылуы;

10.4.2. Жеткізушіге Тауар жеткізуге және Шарт бойынша өзге міндеттемелерді орындауға құқық беретін рұқсат құжаттарының қолданылуының тоқтатылуы;

10.4.3. Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауын шектейтін заңды күшіне енген сот актілерінің немесе сот орындаушылары қаулыларының болуы.

10.5. Шартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар қосымша келісім түрінде жазбаша ресімделіп, Тараптардың соған уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылады.

10.6. Шартты орындаудан Тапсырысшы біржақты тәртіппен бас тартқан кезде. Тапсырысшы Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттың бұзылу себебі көрсетілуі, жойылатын шарт міндеттемелерінің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Шартты бұзу кезінде жоғарыда көрсетілген жағдарларға сай, Жеткізуші Шарттың орындалуымен байланысты тек нақты жұмсалған шығындар төлемін бұзылатын күнге дейін ғана талап етуге құқылы. Жеткізуші Тауарды Шарттың бұзылатыны туралы жазбаша хабарлама алған соң жөнелткен жағдайда, Тауарды Тапсырысшы қабылдамайды, және төлем жүргізбейді.

10.7. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10.8. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

10.9. Егер Шарт Жеткізушінің өз міндеттемелерін бұзуы салдарынан бұзылса, Жеткізуші Тапсырыс берушінің талабымен Шартта көзделген айыптық санкцияларды төлеуге және Тапсырыс берушінің залалдарын, оның ішінде жіберіп алған пайдасын өтеуге міндетті.

10.10. Тапсырыс беруші Шарт сомасын арттырудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай арттыру Жеткізуші тарапынан негізделіп және Тапсырыс беруші тарапынан расталған болса, Шарт Тәртіптің 65-бабының 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайларда Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

11. Хат-хабар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

11.1. Егер Шарт талаптарына сәйкес қандай да бір хат-хабар жүргізу, хабарламалар, нұсқаулар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну не шығару қажет болса және өзге түрде көзделмесе, мұндай хат-хабар негізсіз бас тартулар мен кідіріссіз жазбаша түрде жүзеге асырылады.

11.2. Осы Шарт бойынша және (немесе) оған қатысты хат-хабар құжаттарының барлығы Тараптардың деректемелерін, Шарттың нөмірі мен күнін қамтуы тиіс.

11.3. Осы Шарттың талаптарына сай жазбаша нысанда жасалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарлама, есеп, сұрау, талап, бекіту, келісім, нұсқау, тапсырыс, сертификат немесе өзге де хабарламалар алдын ала және уақтылы ұсынылуы және қолма-қол тапсыру, поштамен тапсырыс хатпен (хабарлама қағазымен), факс арқылы, қабылданғанын растауы бар өзге байланыс құралдары арқылы немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс, осы ретте факс/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылады. Осы талап уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен (электрондық цифрлық қолтаңбамен) қол қойылып, Жеткізушінің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жолданған хат-хабарға қолданылмайды. Егер Шартта Жеткізушінің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Жеткізуші оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған болса, Жеткізушінің ресми электрондық мекенжайы Веб-порталда көрсетілген мекенжай болып есептеледі.

11.4. Электрондық және/немесе тапсырыс поштасымен, курьерлік поштамен, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алынғанын растайтын дәлел болмаған жағдайда) жіберілген сәтінде жеткізілді деп есептеледі.

11.5. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама, поштаның немесе курьерлік қызметтің жеткізілгенін растайтын мөртаңбасы болған жағдайда жеткізілген деп танылады.

11.6. Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы кез келген уақытта және кез келген негіздер бойынша Тауарды жеткізуді ішінара не толық тоқтата тұруға құқылы, бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты Жеткізушінің шығындарын өтейді.

11.7. Егер хабарламада өзгеше көзделмесе, жеткізуші жеткізуді тоқтата тұру туралы хабарлама алған кезде: 1) хабарламада көрсетілген күні және шамада жеткізуді дереу тоқтатады; 2) тоқтатыла тұрған жеткізілімге қатысты ешқандай әрі қарайғы тапсырыстарды орналастырмайды және жеткізумен байланысты қосалқы мердігер және/немесе қосалқы жеткізілім туралы шарттар жасаспайды, тоқтата тұру қолданылмайтындарды қоспағанда.

11.8. Бұл ретте өнім беруші жеткізуді тоқтата тұру қолданылмайтын тауарды жеткізуді жалғастырады.

11.9. Егер Өнім беруші хабарламаны алғаннан кейін тауарларды сатып алуды немесе Тапсырыс берушінің тауарды жеткізуді тоқтата тұруына байланысты өзге де шығыстарды жүргізсе, онда Тапсырыс беруші Өнім беруші шеккен осындай шығыстарды ескермеуге және төлемеуге құқылы.

11.10. Тапсырыс беруші кез келген уақытта өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы барлық жеткізілімді немесе оның бір бөлігін қайта бастауға құқылы. Жеткізуді қайта бастау туралы хабарлама алған кезде Өнім беруші шартта көзделген жеткізу шарттары мен мерзімдеріне сәйкес осындай тоқтатыла тұрған жеткізуді дереу қайта бастауға тиіс. Бұл ретте жеткізу мерзімі жеткізуді қайта бастау туралы хабарлама жасалған күннен бастап есептеле бастайды.

12. Шарттың қолданылу мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және тараптар міндеттемелерді толық орындағанға дейін, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады, егер мұндай орындамау төтенше және осы жағдайларда болдырмауға болмайтын жағдайлардың (форс-мажор) салдары болса. Мұндай жағдайларға мыналар жатады: табиғи апаттар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай, ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар, өзге де еңбек даулары, мемлекеттік билік органдарының немесе «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тобына кіретін ұйымдардың тыйым салу сипатындағы шешімдері мен шаралары және Тараптардың бақылауынан тыс өзге де оқиғалар, олар Шартты тиісінше орындауды мүмкін етпейтін жағдайларға алып келген болса.

13.2. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде, өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкін болмай қалған Тарап мұндай жағдайлардың басталған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге және форс-мажор жағдайының басталғанын растайтын куәлікті («Қазақстан сыртқы сауда палатасы» ЖШС берген) ұсынуға міндетті. Егер форс-мажор жағдайлары Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орын алса, мұндай жағдайлардың басталған фактісін растайтын құжаттар сол елдің уәкілетті органы берген құжаттармен расталуға тиіс.

13.3. Осы Шарттың 13.1-тармағында көрсетілген форс-мажор жағдайлары орын алған кезде, міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар әрекет еткен уақыт кезеңіне кейінге қалдырылады.

13.4. Егер Тарап 13.2-тармаққа сәйкес форс-мажор жағдайлары туралы уақтылы немесе мүлдем хабарламаған болса, онда ол Тарап

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

осындай жағдайларға сілтеме жасау арқылы өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау үшін жауаптылықтан босатылу құқығынан айырылады.

13.5. Егер Тараптардың өз міндеттемелерін тиісінше орындау мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысу жүргізуге құқылы.

14. Дауларды шешу тәртібі

14.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

14.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14.3. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

14.4. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабардар етуде Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

16.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

16.3. Тараптар құпиялылықты бұзу салдарынан келтірілген залалдар үшін бір-бірінің алдында жауапты.

16.4. Тараптар өздерінің қызметкерлері, өкілдері, контрагенттері және агенттері тарапынан құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Жеткізуші құпия ақпаратты жария етпеу туралы қосымша келісімге қол қоюға міндетті.

17. Зияткерлік меншік

17.1. Сатып алушының Жеткізушіге берген сызбалары, құжаттар, деректер мен ақпараттары Сатып алушы меншігі болып саналады. Оларды үшінші жақ тұлғаларына беруге немесе Сатып алушыдан жазбаша түрде алдын ала алынған рұқсатсыз, қандай да бір басқа мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады. Осылайша, Жеткізуші оларды Шарт орындалып болған соң да пайдаланбауға міндеттенеді.

17.2. Шарттың орындалуы шеңберінде Жеткізуші тарапынан берілген, бағдарламалық қамту жөніндегі тиісті құжаттарды қоса, сызбалар мен құжаттарды Сатып алушыға пайдалану құқығы беріледі.

17.3. Егер Жеткізуші жеткізетін Тауар болмаса Тауардың бөлігі авторлық құқық нысаны болмаса зияткерлік меншік нысаны болмаса үшінші жақтың өнеркәсіптік меншігі болса, Жеткізуші оларды одан әрі Сатып алушыға беруі үшін, жоғарыда көрсетілген нысандарға барлық құқықты және қорғалу құжаттарын қысқа мерзім ішінде үшінші жақ тұлғаларынан алуы үшін, барлық тиісті әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс. Сондықтан Жеткізуші осы арқылы жариялайды, өзінің нақты иесі, лицензиаты, иеленушісі және/немесе авторлық құқық нысанының немесе жеткізілетін Тауарға немесе оның қандай да бір бөлшегіне қатысты кез келген өнеркәсіптік, зияткерлік меншіктің, сондай-ақ үшінші жақ тұлғаның меншігі болып табылатын ақпараттың және/немесе Тауар немесе жабдыққа, өнімге және/немесе Шартты орындауға арналған құралға бағытталған техникалық ноу-хаудың уәкілетті пайдаланушысы екенін (болатынын). Жеткізуші осы арқылы Сатып алушыға Шартқа сәйкес Тауарды иелену, пайдалану және/немесе билеу үшін қажетті болып табылатын құқықты, әлемнің кез келген нүктесінде пайдалануға берілетін, қайтарып алынбайтын және эксклюзивті емес, бажсыз лицензияны береді. Егер Тауар ойлап табылған, пайдалы модель немесе өнеркәсіптік үлгіде болса, Жеткізуші осы арқылы Сатып алушымен арада лицензиялау келісімін жасауға, және Сатып алушыға қайтарып алынбайтын, эксклюзивті емес, әлемнің кез келген нүктесінде әрекет ететін, бажсыз лицензияны беруге, Қазақстанда тіркелген осындау лицензияланған келісімді алу мақсатында Сатып алушымен қажеттілігіне қарай серіктес болуға өз келісімін береді.

17.4. Жеткізуші Шарттың 17.3 тармағымен көзделген барлық әрекеттер үшін жауапты болады, Сатып алушыны жауапкершіліктен босатады, оны қорғайды, Сатып алушының да, үшінші жақтың да шығындарын өтейді, Сатып алушының Жеткізуші тарапынан өнеркәсіптік және/немесе зияткерлік меншік, Тауардың жеткізілуімен байланысты туындайтын авторлық құқық нысандары құқығының бұзылуымен немесе бұзылуының мүмкіндігіне орай туындайтын барлық әрекеттермен, наразылықтар, таоаптар, шығындар және міндеттемелермен байланысты жауапкершілікке тартылмауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Сатып алушыға кез келген патенттік құқық, авторлық құқық, сауда маркасы немесе қандай да бір өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншік және авторлық құқықтың бұзылуымен байланысты берілген наразылықтар бойынша барлық шығындарды қайтаруға міндетті.

17.5. Авторлық құқық нысанына болмаса зияткерлік меншік нысанына немесе өнеркәсіп меншігі нысанына қатысты үшінші жақтың заңды құқықтары бұзылған жағдайда, Жеткізуші міндетті: - үшінші жақтан Сатып алушының Тауарды одан әрі пайдалану құқығын алуға; - сатып алушы келісімімен жоғарыда көрсетілген құқықтарды сақтай отырып, Тауардың жаңадан жеткізілуін жүзеге асыруға.

18. Санкциялық ескертпе

18.1. Тараптар осы Шартты Жеткізуші кепілдемесі негізінде және Жеткізуші өз бизнесін Экономикалық санкциялар туралы заңнамаға сәйкес және оны бұзбай жүргізді, жүргізіп келеді және жүргізе береді дегенге адал ниетпен сене отырып жасасады, және осы Келісім жасасқан күні Жеткізуші АҚШ-тың Қаржы министрлігінің шетелдік активтерін бақылау жөніндегі басқармамен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) болмаса кез келген өзге орган, департамент немесе АҚШ үкіметінің агенттігімен, Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе кез келген Еуропалық одақ мүшесі-мемлекетпен әкімшіліктендірілетін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсіндірілетін, Экономикалық санкциялар туралы заңнаманың сақталуына және ниеттенуіне бағытталған саясат пен процедураларды имплементациялады және қолдады. Жеткізуші кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді: (a) Жеткізуші де, оның аффилиирленген тұлғалары да, Жеткізушінің барлық акционерлері де Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List - арнайы бөлінген және бұғатталған жеке тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions - корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шотты ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір болмаса бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімі санкциялар тізіміне кірмейді; (b) Шартты жасау және/немесе оның Жеткізушімен орындалуы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санциялардың бұзылуына соқтырмайды; (c) Жеткізуші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болатын күні және осы Шартқа сәйкес оны іс жүзінде орындау күніне дейін – осы Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын Жеткізушінің шоттары,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

